

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ

**Гигиена -2 кафедрасы**

- ◎ **Тақырыбы:** Тұрғын үй қоғамдық ғимараттардың бөлмелерінде және тұрғын үй қурылысын аймағында инфрадыбыс деңгейін қазіргі заманға гигиеналық маңызы

Орындаған: Молке А.Ж.

Тобы:402-А-МПД

Қабылдаған: Бекжанова М.Ү.

## ЖОСПАРЫ:

- Кіріспе:
- Негізгі бөлім
- Ә) Тұрғын үйлерді және қоғамдық ғимараттарды
- Б) бөлмелерінде және тұрғын үй қурылысын аймағында
- С) инфрадыбыс деңгейін қазіргі заманға гигиеналық маңызы
- Қорытынды
- Пайдаланған әдебиет

- Тұрғын үй маңызды әлеуметтік- гигиеналық мәселе болып саналады. Тұрғын үйде адам өзінің өмірінің көп уақытын өткізеді. Сондықтан тұрғын үй адамның денсаулығына , көңіл-күйіне , жұмыс қабілеттілігіне әсер етеді. Үй адамды қоршаған орта факторларының теріс әсерінен: ыстық, суық, қар, жаңбырдан қорғану үшін, жұмыс істеуге және дем алуға оңтайлы жағдай жасау үшін қажет.

Әлеуметтік және ғылыми-техникалық дамудың өркендеуін байланысты адамдардың тұрғын үйге талаптары өсті.

Үйде даладағы микроклиматтық жағдайға қарамастан тұрақты климат болуы керек, оны микроклимат деп атайды. Ол адамға жақсы жағдай тудырады.

## ТҰРҒЫН БӨЛМЕ МИКРОКЛИМАТЫ ДЕГЕНІМІЗ , ОЛ СОЛ БӨЛМЕНІҢ:

1

- Температурасы;

2

- Ылғалдылығы;

3

- Ауа жылдамдығы;

Микроклимат адам ағзасына үлкен әсер етеді. Ол сол жердегі өмір сүретін адамдардың дұрыс өсіп жетілуіне, физикалық көрсеткіштерінің дұрыс жетілуіне, денсаулығын сақтауға және күшейтуге, өмірде болып жатқан барлық процестердің қалыпты жағдайда өтуіне әсер етеді яғни әсерін тигізеді.

Егер тұрғын үйдің микроклиматы нашар болса, адамға қолайсыз жағдай туындатады. Ол адамның өзін жайсыз яғни нашар сезінуіне , жұмыс қабілетінің төмендеуіне , ағзада әр түрлі патологиялық аурулардың туындауына әкеліп соқтырады. Мысалы , тұрғын үй салқын болса , адам суықтап ауырып қалуы мүмкін.

- Адам тұрғын үйде өзін жақсы сезіну үшін ең алдымен жылулық қолайлы жағдай болуы керек, бұл кезде жылу субъективті түрде жақсы сезіледі, адамның денесінің температурасы бір қалыпты болуы үшін , сыртқы температура өзгерсе де , адамды қоршаған бөлме температурасы бір қалыпты болуы керек. Қоршаған ортада температураның төмендеуі немесе жоғарылауы адам ағзасында жылу алмасудың бұзылуын туындатады. Ағзада жылу алмасуды реттеген кезде негізгі рөлді жылу беру анықтайды , ол үшін жолмен жүргізіледі:



1. Адам денесіне жақын ауаның жылуы;
2. Температураның арасында айырмашылық болғандықтан адам денесі жылуының оны қоршаған заттарға өтуі;
3. Адамның терісінен ылғалдың шығуымен жылу бөлінуімен байланысты.

Конвекция арқылы жылу беру тек қоршаған орта температурасы адам денесінің температурасынан төмен жағдайда ғана жүреді.

Жылу берудің негізгі жолы - радиациялы түрде жылу беру , яғни жылуды қоршаған заттарға беру, ол бөлмеде жылу режимі жақсы сақталғанына ғана байланысты емес , оның ішкі қабырғаларының, еденнің, терезенің де температурасына байланысты.

Жылулық қолайлы жағдай жылу алмасуды реттеген кезде қиындықтардан сақтайды.

Бөлме температурасы әр түрлі жолмен жылу бөлуді және адам ағзасында жылу өндіруді қажет етпейтін болуы керек. Біздің климаттық жағдайда тұрғын бөлменің температурасы нормада 18-20С болу керек.


- Радиация жолымен жылу бөлуді азайту үшін бөлмелердің ішкі қабырғаларының температурасы жеткілікті болу керек. Қабырғалардың температурасы төмендеген сайын радиация жолымен жылу беру артады. Бөлменің ауасының температурасымен ішкі қабырғаларының температурасының арасындағы айырмашылық  $6^{\circ}\text{C}$  көп болмауы керек.

## МИКРОКЛИМАТҚА ТЕМПЕРАТУРАДАН БАСҚА АУА ЫЛҒАЛДЫЛЫҒЫ ДА ӘСЕР ЕТЕДІ.

Бөлмеде ауа ылғалдылығы нормада 40-60% болуы керек.  
Қоршаған ауаға жылу беру мөлшері ауа жылдамдығына байланысты.

Ауа жылдамдығы өскен сайын конвекция жолымен жылу бөлу өседі.

Тұрғын бөлмеде жайлы жағдай жасалу үшін көптеген шаралар қолданылады:



# САЛҚЫНДАУДАН ҚОРҒАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРАЛАРЫНА МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:

1

- Жүйелі жылуландыру;

2

- Бөлмелердің дұрыс орналасуы;

3

- Жылу ұстайтын қоршаулар орнату, кіретін есікті, терезелерді, едендерді жылуландыру.

## **КҮН ЫСТЫҚ КЕЗДЕРДЕ БӨЛМЕ ЫСЫП КЕТПЕС ҮШІН МЫНАНДАЙ ШАРАЛАРП ЖҮРГІЗІЛУ КЕРЕК:**

1. тұрғын үйді дұрыс жобалау, бөлмені желдетуге жағдай жасау;
2. бөлменің бағытының дұрыс болуы , бөлме қызып кетпейтіндей болып орналасу керек;
3. верандаларда , тераскілерде күннен қорғайтын қондырғылар орнату керек;
4. көгалдандыру;
5. ашық түсті сырмен сырлау;
6. бөлмелердің ауа алмасуы тиімді жұмыс істеуі тиіс.

- **Инсоляция** - дегеніміз күннің адамға тікелей әсер етуі. Адам ағзасына күн сәулесі тікелей әсер еткенде адамның тамырының соғуы жақсы болады. Күре тамырдың ең жоғарғы және ең төменгі қысымы қалыпты жағдайда болады, қанның соғу мөлшері артады, қанның құрамындағы холестерин азаяды, ұлпа арқылы дем алу, негізгі зат алмасу артады.



- **Инсоляция** балалар ағзасы үшін өте үлкен рөл атқарады. Күн сәулесінің ультракүлгін бөлігі адам ағзасына мешел ауруының туындауына қарсы және бактериоцидтік әсер етеді. Күн көзі балалардың иммунды белсенділігін көтереді. Адам ағзасына күн сәулесі жақсы әсер ету үшін бөлмеге кемінде 3-4 сағат күн көзі тура түсуі керек.

Тұрғын үй жоспарлауда жерлерді 4 ауданға , 16 ауданшаға бөледі. Біздің еліміз 3 және 4 ауданға жатады. Тұрғын үйлер . Жобалау нормалары ҚНменЕ құрылыс нормасы мен ережесіне сай жобалану керек. Осы ҚНменЕ-де аудандардың физикалық – географиялық сипаттамасы және орташа айлық ауа температурасы : қаңтар мен шілде айларының , ауаның орташа жылдамдығы қысқы үш айда , айлық орташа ауаның салыстырмалы ылғалдығы - маусым айындағы , геологиялық жағдайлар мен тұрғын үйге қойылатын талаптар туралы жазылған.

## ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҒИМАРАТТАРДЫ ЖЫЛЫЛАНДЫРУ.

Жылыландыру дегеніміз даладағы температураның өзгерісіне қарамастан бөлмені біркелкі температурамен қамтамасыз ету. Бөлмеде біркелкі температура болу белгілі бір жағдайлармен анықталады:

- - жылыландыру жүйесі;
- - отынның сапасы ;
- - жылыландырудың жеткіліктілігі;
- - жылыландырудың реттілігі.

- Бөлме температурасы нормада қысқы уақытта 18-29С аралығында болу керке. Бөлмеде тәулік бойы температураның ауытқуы болмауы керек. Адам өзін жақсы сезіну үшін , егер ауаның температурасының айырмашылығы бөлменің әр нүктесінде еденнен 10см биіктікте және 1,5м биіктікте 3С көп емес болмау керек.

# ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1. Торгаутов Б.К., Сералиева М.Ш. Жалпы гигиена Шымкент – 2009
- 2. Закон РК от 15.07.97 г. «Об охране окружающей среды» (10 дана).
- 3. Кенесариев У.И., Жакашов Н.Ж. Экология и здоровье населения: Учебник для  
○ медицинских ВУЗов и колледжей. Алматы. 2002-260с.(50 дана)
- 4. Кеңесариев Ү.И., Жақашов Н.Ж. Экология және халық денсаулығы. Алматы, 2003  
○ ж.(50 дана)
- 5. Новиков Ю.В. Экология, окружающая среда и человек: Учебное пособие. – М.: ФАИР-  
○ ПРЕСС, 2000.-320с.(10 дана)

**Назар**

**аударғандарыңызға**

**рахмет!**